

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Бурабай ауданы, Щучинск қаласы,  
Жоғары Орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» МКҚК



Бекітемін / Басшы  
«Жоғары орман шаруашылығы,  
экология және туризм колледжі»  
А. Кожакөв  
2026 г.



**«АРАЛДЫ ЖАҢҒЫРТУ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

Щучинск қ., 2026 ж.

## 1. Жалпы ережелер

Щучинск қаласындағы «Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» МКҚК жанындағы «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі Сізді «Аралды жаңғырту» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (бұдан әрі - Конференцияға) қатысуға шақырады.

Іс-шара Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжінің бекітілген іс-шаралар жоспары аясында өткізіледі және Дүниежүзілік сулы-батпақты алқаптар күнін (World Wetlands Day) мерекелеуге арналған. Бұл айтулы күн 1997 жылдан бері жыл сайын 2 ақпанда атап өтіледі және ол жұртшылықтың назарын сулы-батпақты алқаптардың табиғи процестер мен адамзат қоғамының өміріндегі ерекше рөліне, сондай-ақ олардың осалдығына және табиғи байлықтарды ұтымды пайдаланудың маңыздылығына аударуды көздейді.

Осы ереже Конференцияны өткізу мерзімін, форматын, мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастырылуы мен тәртібін айқындайды. Келіп түскен өтінімдер негізінде 2026 жылдың 4 ақпанына дейінгі мерзімде Конференция бағдарламасы жасалып, ол барлық қатысушыларға жіберілетін болады.

**Конференция өткізу мерзімі** - 2026 жылғы 6 ақпан, Астана уақытымен сағат 11:00 (GMT+5).

**Өткізу форматы:** offline / online - конференция спикерлерінің баяндамалары аясында.

**Конференцияның негізгі мақсаты** Орталық Азия елдерінің сулы-батпақты алқаптарын сақтау ісіндегі, атап айтқанда, Арал теңізі өңіріндегі экологиялық апатқа қарсы іс-қимыл жасаудағы шақырылған қатысушылардың теориялық және коммуникативтік бастамаларын жандандыру болып табылады. Бұл білім беру, табиғатты қорғау және туристік қызмет саласының қызметкерлері, экобелсенділер мен еріктілер арасында тәжірибе алмасуға және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуға жағдай жасау арқылы жүзеге асырылады, бұл кәсіби құзыреттіліктердің артуына ықпал етеді.

**Конференцияда жұмыс келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылады:**

- Экология және су экожүйелерін сақтау саласындағы бастамалар
- «Ғасыр жобасы» зерттеуінің таныстырылымы

**Іс-шараның мақсатына сүйене отырып, келесі міндеттер айқындалды:**

1. Орталық Азия елдерінің сулы-батпақты алқаптарын сақтау саласындағы заманауи ғылыми жаңалықтармен, зерттеулермен, өзекті мәселелермен және оларды шешу жолдарымен танысу;
2. экологиялық сипаттағы өзекті мәселелер мен міндеттерді полиформатта айқындау, жүйелеу, түсіндіру және жалпылау;
3. өңірлік кезек күттірмейтін экологиялық мәселелерді шешу бойынша кәсіби және педагогикалық тәжірибе алмасудың әдістемелік алаңын құру;

4. қоршаған табиғи ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Конференция бағдарламасы бір күнге есептелген. Кездесу аясында біз қазіргі уақыттың өзекті мәселесі - жаппай индустрияландыру жағдайында су экожүйелерін және жалпы экологияны сақтау мен тұрақтандыруды талқылаймыз.

Конференция тақырыбы техногенез және қоғамды экологияландыру дәуірінде биосфераға өнеркәсіптік әсерді азайту мақсатында Орталық Азия елдерінің сулы-батпақты алқаптарын сақтау мәселелеріне шоғырланғанына назар аударуыңызды сұраймыз. Ақпарат алмасудың тиімділігін арттыру үшін қатысушылардың баяндамаларынан кейін студенттердің қатысуымен пікірталас бөлімі ұйымдастырылады. Табиғатты қорғау, туризм, білім беру және өндіріс саласы өкілдерінің қатысуының арқасында сіздер қоршаған табиғи орта экологиясына байланысты мәселелерді шешу бойынша бірнеше көзқараспен таныса аласыздар.

**Назар аударыңыз!** Конференцияға қатысу **тегін** негізде жүзеге асырылады. Баяндамалардың қорытындысы бойынша тезистердің электрондық жинағы дайындалады. Материалдар «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘБ) ресми сайтында ашық қолжетімділік үшін жарияланады.

## 2. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Конференция бағдарламасы бір күнге есептелген, оның аясында қатысушылардың отырысы гибридті форматта өтеді. Онлайн формат Zoom Video Communications бейнеконференцияларды ұйымдастыруға арналған бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

2.2. Қатысушылардың отырысы келесі тәртіппен өтеді:

**Ашылуы:** іс-шараны ұйымдастырушылардың құттықтау сөзі, жалпы күн тәртібімен және Конференцияның негізгі мақсаттарымен таныстыру.

**Пленарлық бөлім:** баяндамашылардың сөз сөйлеуі.

**Панельдік пікірталас:** «сұрақ - жауап».

**Жабылуы:** талқыланған негізгі мәселелер мен қол жеткізілген келісімдерді түйіндеу, «Ашық микрофон» рефлексиясы.

## 3. Іс-шараға қатысушылар және жұмыс бағыттары

3.1. **Конференцияның мақсатты аудиториясы** қоғамдық ұйымдар мен ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар), ғылыми қауымдастықтар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің, экология және табиғатты пайдалану саласындағы сарапшылардың, білім беру мекемелерінің қатысуына есептелген.

3.2. Арал теңізін жаңғырту жөніндегі Конференцияның мақсаттары мен міндеттеріне негізделе отырып, сондай-ақ ғылыми тәсілдің маңыздылығын

ескере келе, іс-шара спикерлерінің талқылауына арналған келесі тақырыптық бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

### **I. Экологиялық аспектілер:**

- Арал теңізі экожүйесінің қазіргі жай-күйі;
- су мен топырақтың тұздануы және ластануы (пестицидтер, ауыр металдар және т.б.);
- биоалуантүрліліктің жай-күйі (флора, фауна, микроорганизмдер);
- шаңды дауылдардың экологиялық салдары (тұз бен шаңның таралуы, халықтың денсаулығына және ауыл шаруашылығына әсері);
- атыраулық экожүйелерді қалпына келтіруге қойылатын экологиялық талаптар;
- Арал теңізінің құрғаған табанындағы шөлейттенумен күрес әдістері (саксауыл және басқа да құрғақшылыққа төзімді өсімдіктерді отырғызу, қорғаныш орман алқаптарын құру және т.б.).

### **II. Гидрологиялық аспектілер:**

- трансшекаралық су ресурстарын басқару және Орталық Азия елдері арасындағы келісілген іс-қимылдардың қажеттілігі;
- ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және экономиканың басқа да секторларында су ресурстарын пайдалануды оңтайландыру;
- қолданыстағы су қоймалары мен ирригациялық жүйелердің тиімділігін бағалау;
- жасанды су айдындарын және басқа да гидротехникалық құрылыстарды құру жөніндегі жобаларды талқылау;
- ауыл шаруашылығына қазіргі заманғы су үнемдеу технологияларын енгізу (тамшылатып суару, нақты егіншілік жүйелері).

### **III. Әлеуметтік-экономикалық аспектілер:**

- Аралдың тартылуының халықтың денсаулығына әсері;
- таза ауыз суға қолжетімділік және медициналық қызмет көрсету;
- Арал теңізі өңіріндегі туризмді дамыту (экотуризм, мәдени туризм);
- балық өсіруді және аквакультураның басқа да түрлерін дамыту;
- өңірдің тұрақты дамуы.

### **IV. Ғылыми зерттеулер мен инновациялар:**

- су экожүйелерін зерттеудің заманауи әдістері;
- Аралды қалпына келтіруге арналған инновациялық технологиялар.

### **V. Халықаралық ынтымақтастық:**

- су пайдалану және су тұтыну мәселелерін шешудегі халықаралық ұйымдардың рөлі;
- су ресурстарын пайдалану мәселелеріндегі Орталық Азия елдерінің мүдделерін үйлестіру.

Спикерлердің сөйлеу регламенті 10-15 минутты құрайды  
**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Конференцияға қатысу тегін!**

## 4. Конференция ұйымдастырушылары және қатысу шарттары

4.1. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» МКҚК негізіндегі «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» оқу-әдістемелік бірлестігі жүзеге асырады:

- іс-шараны өткізу кезіндегі жалпы басшылық, құжаттаманы жүргізу;
- конференцияға қатысуға өтінімдерді және қатысушылардан материалдарды қабылдайды;
- іс-шара қорытындысы бойынша материалдар жинағында жариялау үшін жұмыстарды рәсімдеу талаптарын әзірлейді;
- Конференцияның бағдарламасы мен жұмыс регламентін әзірлейді.
- марапаттау материалдарын дайындауды жүзеге асырады;
- іс-шараны әлеуметтік желілерде жариялайды.

4.2. Конференция бағдарламасы, өткізу мерзімі мен орны облыстық Білім басқармасымен келісіледі және білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Ұйымдастыру комитеті Халықаралық конференцияға қатысушы педагог қызметкерлер қатарынан құрылады.

4.4. Баяндамалардың қорытындысы бойынша тезистердің электрондық жинағы жасақталады. Материалдар «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘБ) ресми сайтында ашық қолжетімділік үшін жарияланады.

4.5. Іс-шараның барлық қатысушылары алғыс хаттармен марапатталады.

4.6. Қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 4 ақпанға дейін жүргізіледі.

4.7. Қатысушының тіркеу нысаны (1-қосымша), сондай-ақ баяндама материалдары (2-қосымша) қатысушылар тарапынан 04.02.2026 жылға дейін (хаттың тақырыбында «Халықаралық конференция» деп көрсетілуі тиіс) 2 тілдің бірінде (мемлекеттік, орыс) колледждің Ұйымдастыру комитетінің [umovklheit@gmail.com](mailto:umovklheit@gmail.com) электрондық поштасына жіберілуі қажет

### Байланыс телефондары:

+7 705 517 76 76 - Семкина Наталья Викторовна, ЖОШЭЖТК негізіндегі «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» РОӘБ бойынша басшының орынбасары.

+7 778 549 39 55 - Казакова Любовь Сергеевна, ЖОШЭЖТК негізіндегі «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» РОӘБ әдіскері.

[kazakova.loye2504@gmail.com](mailto:kazakova.loye2504@gmail.com)

*Құрметпен және жемісті ынтымақтастыққа ниет білдіре отырып,  
ұйымдастырушылар!*

**ӨТІНІМ**  
«АРАЛДЫ ҚАЙТА ТҮЛЕТУ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясына қатысу үшін

1.	Ұйымның толық атауы	
2.	Қатысушының (топтың) аты-жөні толық	
3.	Ғылыми жетекшінің лауазымы (санаты, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)	
4.	Байланыс телефоны	
5.	e-mail	
6.	Баяндама (жоба) тақырыбы	
7.	Баяндаманың тақырыптық бағыты	

## Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. Жариялау үшін мақалалар мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады. Мәтіндер авторлар тарапынан мұқият тексеріліп, редакциялануы тиіс.

2. Мәтін Word редакторында (doc, RTF форматы) терілуі тиіс. Қаріп түрі — Times New Roman, негізгі мәтіннің қаріп өлшемі — 14 pt, жоларалық интервал — 1,0, азат жол шегінісі — 1,25 мм. Беттің жиектері: сол жағы — 30 мм, оң жағы — 15 мм, үстіңгі және астыңғы жағы — 20 мм-ден.

3. Мақаланың жалпы көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің атаулары мен суреттерді қоса алғанда) - 7 бетке дейін. Беттерді нөмірлеу керек.

4. Суреттердің көлемі мақаланың жалпы көлемінің 20%-ынан аспауы тиіс.

5. Мақалалар төмендегі ережелерге қатаң сәйкестікте рәсімделуі тиіс:

- мақаланың тақырыбы, автордың (авторлардың) аты-жөні мақала жазылған тілде ұсынылуы тиіс;

- мақаланың тақырыбы оның мазмұнын дәл көрсетуі және 8-10 мағыналы сөзден аспауы тиіс;

- техникалық параметрлері: қаріп өлшемі - 14 пункт, гарнитурасы - Times New Roman, бас әріптермен, жуан қаріппен, мәтін ортаға келтірілген;

- мақала кіріспеден басталады, онда тақырыптың өзектілігінің негіздемесі, ғылыми мәселенің (міндеттің) тұжырымдамасы өте қысқа, жинақы және мазмұнды түрде көрсетіледі;

- мақала негізгі қорытындыны тұжырымдаумен аяқталады, онда кіріспеден қойылған сұраққа нақты жауап берілуі тиіс.

**Маңызды!** Ұйымдастыру комитеті мақалаларды әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды. Мақалалар қайтарылмайды. Жариялау талаптары бұзылған материалдар қабылданбайды. Материалдардың дұрыстығы үшін авторлар жауапты болады. Редакция материалдарды қабылдау құқығын өзіне қалдырады.